

ТАРИХ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ТАРИХЫ

Тарихи сананың секуляризациясы
мен тарихы сынның тәсілдері





Дәрістің жоспары:

1. Тарихи сананың секуляризациясы
2. Тарихи сынның тәсілдері

Дәрістің негізгі идеялары: Қайта өрлеу дәуірінің тарихи санасында тарихты түсіну және жазуда орта ғасыр тәжірибесімен сабақтастық сақталды. Қайта Өрлеу дәуірі кезіндегі авторларда антикалық мәдени мұраға деген жалпы сезімталдықтары жоғары болды.

Дәрістің негізгі цитаталары:

«Мақтау ақылдыға пайдалы, ақымаққа зиян» (Франческа Петрарка) - «Похвала полезна умному, вредна глупому»

«Ашу – адам мінезінің ең зиянды ақауларының бірі» (Джованни Бокаччо) - «К числу наиболее пагубных пороков я отношу гнев».

«Өткен уақыттың тарихын жазатындар Киелі Рухтың білдіретінін немесе өзінің уақыты туралы баяндайтын ежелгі авторлардың беделіне сүйенеді» (Лоренцо Вала) - «Кто пишет историю минувших времен, тот или говорит, что диктует ему Дух святой, или следует за авторитетом древних авторов, и прежде всего тех, кои повествуют о своем времени».

Бүгін талқылайтын мәселеміз тарихи сананың секуляризациясы мен тарихи сынның тәсілдері айналасында болады.

Қайта өрлеу дәуірінің тарихнамасы шіркеу дүниетанымымен байланысты болмады. Қайта өрлеу дәуірі тарихи шығармаларында ортағасырда басым болған адамзат тарихы тек Құдайдың араласуымен дамиды, барлық тарихи оқиғалардың негізгі және соңғы түсіндірмесі тек Құдай деген концепция жоққа шығарылды. Бұл кезеңнің тарихи шығармаларында, әдетте, шіркеу тарихи концепциясымен тікелей және принципті полемика жоқ, тек тарихи оқиғалардың ұтымды түсіндірілуіне және олардың өзара байланысына баса назар аударылған. Тарих Құдайдың іс-әрекеті емес, адамдардың әрекет ету саласы ретінде қарастырылады. Соның салдарынан тарихи санадағы жалпы секуляризация басталды.

Діни емес материяларға және адамның өмір сүруін діни көзқараспен түсіндірмеу Қайта өрлеу адамдарында антикалық дәстүрге деген қызығушылықтың болғанын дәлелдейді. Қайта өрлеу дәстүрі өткен оқиғаны түсіндіруде діни интерпретациялаудың маңыздылығын төмендетті, ғажайып және табиғаттан тыс фактілерге деген қызығушылықты әрі қарай итеріп тастап, болжалды мистикалық мәні емес, оқиғаның себептерін түсіндірудің антикалық дәстүрлерін жаңартты. Алайда, гуманизм қайраткерлерінің басым көпшілігі христиан және діни дүниетанымның қарсыластары болған жоқ. Олардың адам баласының іс-әрекетін діни көз-қараспен түсіндіруден бас тартуы саналы түрде емес, олар бұл мәселені елемеуге тырысқан болар деп болжаймыз. Гуманистік тарихнаманың ең басты жетістіктерінің бірі – Августин мен Орозиядан бастау алған христиан моделінде жоққа шығарылған антикалық дәстүрдің тарихтағы лайықты орнын қайтарып берілгені болды.

Қайта өрлеу дәуірінің авторларының шығармаларында шіркеулік тарих мәселелері бас орында болмады. Адамзат дамуында шіркеудің тарихы мен христиандықтың рөлі скептицизммен қабылданды, кейбір жерлерде әлеуметтік құлау мен регрестің бас факторы ретінде де қарастырылды.

Керісінше, Қайта өрлеу дәуірі кезінде саяси тарихтың дамуына үлкен мағына берілді. Ол мемлекеттердің қалыптасуы, дамуы, құлдырауы, өмір сүруін тоқтатуы, жекелеген саяси құрылымдардың шығу тегі т.б. сияқты мәселелер еді. Өткенге жүгіну саяси күрестің маңызды құралы ғана емес, саяси трактаттар мен мемлекеттік-идеологиялық құрылымдар үшін де дәлел ретінде пайдаланылады. Ренессанс дәуіріндегі ірі саяси ойшылдар өз идеяларын растау үшін Платон мен Аристотель еңбектерінде тұжырымдалған мемлекеттік құрылым моделін, сондай-ақ антикалық авторлар жасаған басқарудың әртүрлі нысандарының артықшылықтары мен кемшіліктерінің дәлелдеулерін негізге алды. Олардың саяси өмірде лайықты немесе теріс мінез-құлық үлгілерін ұсынған антикалық тарихтың нақты мысалдарына жасаған апелляциялары да маңызды болды. Тарих мемлекеттік-саяси дамудың тәжірибесі ретінде ғана емес, сонымен бірге мемлекеттік құрылымды дамыту барысында керекті дидактикалық және теориялық қорытынды материал ретінде қарастырылды.



Кітап: Тарих ғылымының тарихы

Дәріс: Тарихи сананың секуляризациясы мен тарихы сынның тәсілдері



Антикалық тарихи шығармаларға деген қызығушылық жаңа уақыттың саяси теориясы мен саяси санасының бастауында тұрған сол дәуірдің ең танымал саяси ойшылы - НИКОЛО МАКИАВЕЛЛИГЕ (1469-1527) тән. Ол Флоренция тарихын және саяси басқарудың ең жақсы тәсілдерін антикалық дәстүрлерді зерттеумен ұштастырды.

Қайта өрлеу дәуіріндегі тарихи сананың дамуының өзіндік сипаты болды. Ол:

1. тарихи үрдісті жалпы ұғыну барысында дәстүрлі діни-шіркеу үлгілеріне тәуелділіктен айырылмаған
2. сол діни-шіркеу тәуелділігінен ұтымды схемалар мен пайымдаулар арқылы айырылуға деген ұмтылыс болған.

Оның ішінде, бір басқа әлемдік империяны ауыстыратын және адамзат тарихындағы Құдайдың ерік-жігерінің дәйекті түрде іске асырылуы деген идея негіз болған інжіл бастаулары бар әмбебап тарихтың ортағасырлық тізбегі, италиялық гуманистердің шығармаларында басқа кезеңділікпен алмастырылады. Ортағасырлық әмбебап тарих тізбегінде орын алған «Төрт империяның» тұжырымдамасы шеңберінде, соңғы империя ол Рим империясы болған. Бұл тұжырымдамада ежелгі империядан Ұлы Карл империясы арқылы Герман билеушілерінің ортағасырлық мемлекетіне империялардың тарихи дамуы үздіксіз болған деген түсінік басым болды. Осылайша, империялық және діни әмбебаптылық ұғымдарында еуропалық қоғамның әлеуметтік және саяси құрылымын сипаттаған орта ғасырлық дәстүр Рим империясы мен орта ғасырлық христиан әлемі арасындағы тікелей және үздіксіз сабақтастықтың қатарында өз орнын тапты. Қайта өрлеу дәуірінің мәдениетінде алғаш рет тарихты үш кезеңге бөлу дәстүрі енгізілді. Ол антикалық немесе ежелгі, ортағасырлық және заманауи (Жаңа кезең тарихы). Италиялық гуманистер енгізген «орта ғасыр» ұғымы (*medium aevum*) осы дәуірдің өздерінің дәуіріне ғана емес, антикалық кезеңге де қарама-қарсы қарастыруға болады деп болжады. Антикалық дәуір мәдениет пен қоғамдық өмірдің ең жоғарғы даму кезеңі ретінде ұсынылды. Өздері өмір сүріп жатқан заманауи кезеңдері көрнекті өткенді қалпына келтіру керек еді. Сондықтан, орта ғасыр ежелгі ұлы жетістіктердің құлдырауы мен ұмытылу уақыты болды деген көзқарас қалыптасты. «Орта ғасырдың» антикалық және Қайта өрлеу дәуірі арасындағы ерекше кезең деген ой-пікір мен сол уақыттың тарихи болашақтағы орны туралы ортағасырлық бағалау бір-біріне қарама-қайшы болды.


Орта ғасырдың құлдырау және құлау дәуірі ретінде сипатталуы діни және шіркеулік сынауға әлеует болды. Абсолюттік құндылық ретінде антикалық рационалды және зайырлы мәдениет саналды. Сонымен қатар, шіркеу мен христиан діни зияткерлік жетістіктер мен антикалық азаматтық қайырымдылықтарын бұзу факторы ретінде сынға ұшырады.

Дегенмен, Қайта өрлеу мен гуманизм қайраткерлерінің шіркеу мен дінге деген сыни көзқарасы принципті және дәйекті тұжырымдалған позицияда болған жоқ: олардың шіркеу мен христиандықпен қарым-қатынасы ашық полемиканың сипатына сирек ие болды және көбінесе практикалық және прагматикалық уәждермен анықталды.

Тарих саласындағы гуманистік мәдениеттің қызығушылығы негізінен филологиялық бағытта болды. Ол жаңа мәтіндерді, ең алдымен классикалық дәуір кезінде жазылған мәтіндерді зерттеу және түсіндіруге деген ынтадан көрініс тапты. Тарихи әдеби дереккөздерді іріктеу, бағалау және сынау дәстүрлерінің қалыптасуын өткенге деген осы филологиялық қызығушылықпен байланыстыруға болады. Тарихи дереккөздің ақиқаттылығын дәлелдеген сынның алғашқы және ең танымал мысалдарының бірі, беделі көп ғасырлық дәстүр мен шіркеудің мойындауында негізделген «Константиновтың қабілетінің жалғандығы туралы трактат» болып табылады.



Оның авторы әйгілі итальяндық гуманисттердің бірі ЛОРЕНЦО ВАЛЛА (1407—1457) болды. Бұл 1440 жылы жазылған шығарма автордың өмірінде жарияланбаған, өйткені папа теократиясының басты негіздеріне күмән тудырған.



Сонымен қатар бұл еңбек:

1. Неаполитан корольдігін билеген Арагон әулеті мен папа куриясының арасындағы қарама-қарсы күрес кезінде жазылған;
2. Папа тағының зайырлы билікке деген құқығын заңдастыру әрекетіне қарсы Неаполитан билеушілерінің күресін айқындайтын дәлел болуға тиіс болатын.

Валла Папаның христиан қоғамдастығының билік иерархиясында жоғары беделге құқығын негіздеген басты құжаттардың бірін сынға алды және осылайша Папаның зайырлы билігі тұжырымдамасының өзіне күмән тудырды.

Лоренцо Валланың сынының объектісі, император Константиннің Рим епископы Сильвестрге папалық санды сыйға тарту актісімен қатар Рим билігін оған беруді бекіткен құжат болды. «Константиннің сыйы» - «Константинов дар» деп аталған грамотада, император өз билігінің орталығы мен астананы империяның Шығыс бөлігіне — Константинопольге ауыстырғаны туралы хабарланған. Бұл заңды құжат кең ауқымды аңызға айналған әңгіменің бір бөлігі. Осы аңыз-әңгімеде Папа Сильвестрдің император Константинді шоқындырғаны жайлы баяндалады. Шоқину арқылы император аса қауіпті аурудан (проказадан) құтылып, күнелары үшін жазадан құтқарылады. Осы аңызды және «Сыйға тарту» туралы грамотаны Рим шіркеуі шынайы құжат деп таниды. Осы құжаттар негізінде Рим шіркеуі Папаның рухани және зайырлы салада жоғары бедел құқығының бар екендігін мойындады. Құжаттың шынайылығы Каноникалық құқықтың ең беделді жиынтықтарында да расталды. Сонымен қатар, Константиннің шоқинуы туралы аңыз да, грамотаның өзі де, VII ғ. дейін Римде құрастырылған кейінгі фальсификаттардың бірі бола тұра шіркеу және зайырлы істерде папа үстемдігінің идеологиялық растаулар жүйесінің бір элементтеріне айналды.

«Константинов дар» құжатының ақиқаттылығына деген күмән Қайта өрлеу дәуірлік рационализмінен туындады деп айтуға болмайды. Себебі, осы құжатқа деген күмән орта ғасырлық қоғамда да білінді. Ол тек Папаның қарсыластарының арасынан ғана естілмеді.

Сонымен қатар, бұл күмәндіктің жеткілікті маңызы болған жоқ:

- біріншіден, дәстүр мен ақиқаттыққа деген ерекше орта ғасырлық қарым-қатынастың болуына байланысты - құжаттың ежелгі болуы және Папа билігінің толықтығы туралы тезистің әділдігіне деген сенімі оны нақты шығу уақытына қарамастан шын мәнінде шынайы деп тануға мәжбүр етті;
- екіншіден, «Константинов дар» құжатының шынайылығына күмән келтірушілер өздерінің қарсыластарына қарсы сенімді және жүйелі дәлелдер ұсына алмады.

Лоренцо Валла құжатты жан-жақты сынға алып қана қоймай, оның дұрыс еместігінің айқын дәлелдерін келтірді, сондай-ақ қазіргі ғылым тұрғысынан оның тәсілдері қаншалықты қарапайым және әдеби-алыпсатарлық болып көрінсе де, тарихи дереккөзді сыни талдаудың алғашқы тәжірибесін жүзеге асырды. Жалпы Валланың келтірген дәлелдерін үшке бөлуге болады. Біріншісі — императордың билікті басқа тұлғаға беру құқығы заңсыз, діни басшы зайырлы билікке ие болу мүмкін еместігін формалды түрде негіздеген моральдық-діни және саяси-құқықтық алыпсатарлықтар. Екіншісі — нақты оқиғаның тарихи сыны, атап айтқанда Папа Сильвестрдің Константинді шоқындыруы және Константиннің Римдегі билікті Папаға «сыйға тарту» актісінің шындыққа үлесімсіз екендігі. Үшіншісі — құжаттың терминологиясы мен стилінің құжат жасалған кезеңде қолданылған классикалық латын нормаларына тікелей сәйкес еместігін дәлелдейтін мәтінді лингвистикалық және әдеби талдау. Әдеби талдау — қазіргі ғылым тұрғысынан Лоренцо Валла еңбегінің ең күшті жағы болып есептеледі. Ол дерек көздер сыни зерттеу әдістемесінің тұрғысына сәйкес келеді. Дегенмен, тарихшы-гуманисттің шығармасы қазіргі тарихнамалық



Кітап: Тарих ғылымының тарихы

Дәріс: Тарихи сананың секуляризациясы мен тарихы сынның тәсілдері

стандарттардан алыстау: дәлелдемелер, риторика және баяндау тәсілдері оның еңбегін объективті және бейтарап зерттеу ретінде емес, әдеби, дидактикалық және полемиялық шығарма ретінде сипаттайды.

Лоренцо Валланың жұмысы дереккөздерді сыни талдау жасаған жалғыз еңбек болмады. Осы тәсілді әрекеттерді гуманистік және реформациялық тарихнаманың көптеген шығармаларынан табуға болады, алайда олар бірізді және жүйелі практикаға айналмады. Тарихты зерттеу барысында білімпаз ғалымдар тобы жаңа тәсілдер енгізді. Осы білімпаз ғалымдар эрудиттер деп аталды. Өткен тарихқа куә материалдарды аса жігерлікпен, мұқият, ұқыпты жинау барысында эрудит-тарихшылар әдеби-риторикалық бағыттағы аса танымал және жарқын әріптес-тарихшыларының шығармаларынан гөрі, ортағасырлық парадигманың жаңаруына үлкен үлес қосты. Тарихшы-эрудиттер өткенді шынайы көрсету үшін не өзекті деген мәселені шешу барысында мынандай қорытындыға келді: өткенді шынайы айқындау үшін тарихи куәліктерді барынша толық жинап және олардың шынайылығын растау керек. Бірақ, эрудиттер осы жолда жетілдірілген тәсілдер мен әдістерді ұсына алмады.

Орта ғасырдағы эмпирикалық және діни тарихнаманы сыни және ғылыми жүйеге айналдыру үдерісіндегі гуманистік білімнің рөлін асыра бағалау дұрыс емес болар. Гуманистер негізінен тарихнаманың әдеби жағын жетілдіруге ықпал етті. Олар да антикалық және ортағасырлық ізашарлары сияқты, тарих пен әдеби еңбек арасында қатаң шекаралар жүргізбеді, тарихты ғылым немесе білімнің ерекше саласы деп санамады.

Сонымен қатар, гуманистік тарихнама ортағасырлық тарихшылардың ғажайып кереметке немесе беделді куәліктердің кез келген мәліметтеріне деген сенімдерін жоққа шығармады. Оларды антикалық мәтіндердегі аңыздар мен ерекше куәліктерге деген сеніммен алмастырды. Гуманистер үлгі бола алатындай адамдардың мінезін өткен тарихтан орта ғасырлық тарихшылардан кем көрмеді. Ортағасырлық хронистер үшін өткеннің осындай үлгілі кейіпкерлері шіркеу қайраткерлері, дінді қолдайтын қасиеттілер, үлгілі христиан монархтары болса, ал гуманистер үшін — қалалардың басқарушылары немесе еуропалық монархтар болды. Жалпы тарихтың дамуын және оның мағынасын, қоғамның даму себептері мен факторларын түсіндіру барысында, гуманизм кейінгі антикалық және орта ғасырлық тарих концепциясына қарағанда әлдеқайда тереңдігі төмен болды.

Жаңа тарихи сананың қалыптасуына түрткі болған қоғамдық өмірдің барлық салаларындағы түбегейлі өзгерістер кезеңінде батыс еуропалық тарихының өтпелі дәуірінде өмір сүрген Франческо Патрици мен Жан Боденнің идеялары шынайы жаңашыл болды.



Жан Боден
1529 - 1596

Француздық заңгер, абсолюттік монархияның жақтаушысы ЖАН БОДЕН (1530-1596) әмбебап заңтану жүйесін құру үшін мәліметтерді жинау және ретке келтіру қызметін тарих орындайды деген пікірде болды. Боденға сәйкес, дүниежүзілік тарихты зерделеу адам қоғамын басқаратын, басқарудың ең жақсы формасының дамуына нысан бола алатын заңдарға қатысты нақты қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Өз дәуірінен айтарлықтай оза отырып, Боден тарихты өзінің таным әдістеріне ие ғылым ретінде түсінді.

Боденнің пікірі бойынша, тарихшының басты міндеті - тарихи фактінің нақты, нағыз шынайылығын дәлелдеу.

Шынайы тарихи фактіні Боден табиғат фактісімен салыстырған және оны оқиға туралы объективті және сенімді куәлік ретінде қабылдаған. Ол фактілерді іріктеудің қиындығын атап өтті, дереккөздерді салыстырмалы сыни талдау принциптерін ұстанды, тарихшының өткен жылдардағы адамдар мен оқиғаларға баға беру құқығының объективтілігіне күмән келтірді. Боден тарихты еркін ерік-жігермен, өмірлік қажеттіліктермен, адамның табиғи болмысымен және оның мекендеу ортасымен байланысты адамдардың қызметі ретінде анықтады.

«Тарихты жеңіл тану әдісі» - «Метод легкого познания истории» (1566) және «Мемлекет туралы алты кітап» - «Шесть книг о государстве» (1576) деп аталған трактаттарында Макиавелли сияқты Боден де, тарихта ішкі объективті заңдылықтардың бар болуы туралы ойды жақтады. Атап айтқанда, ол географиялық ортаның жағдайы халықтың психикалық құрылымы мен оның тарихи тағдырын анықтайды деп санады. Сонымен бірге географиялық фактордың теріс әсері ақылға қонымды заңдармен және оларға негізделген мемлекетпен түзетілуі мүмкін. Боден ғылымның, өнеркәсіптің және сауданың, географиялық жаңалықтардың, өнерді жетілдірудің нәтижесінде тарих прогрессивті түрде алға дамиды деген идеяның авторы болған.



Философ-гуманист ФРАНЧЕСКО ПАТРИЦИ (1529—1597) 1572 жылы өзінің «Тарих туралы алты диалог» - «Десять диалогов об истории» деген шығармасын жария етті. Риторикалық мектептің тарихшыларымен салыстырғанда, Патрици тарих - мораль нұсқаларын бейнелейтін нақты мысалдар жинағы емес, тарихтың мақсаты—ақиқатты тану деп санады. Сонымен қатар, тарихты сипаттау қоғамның өзін өзі табудағы қажеттілігін қанағаттандырады. Патрици тарихшының басты міндеті - шын мәнінде істің қалай болғанын көрсету деп жазса да, ол толық ақиқатқа қол жеткізу мүмкіндігіне күмән келтірді. Себебі, көп нәрсе тарихшы үшін қол жетімсіз болып қалады (оқиғалардың шоғыры, жасырын мотивтер), өйткені тарихшы оқиғаларды белгілі бір тұрғыдан қадағалап зерттейді.

Патрици философия мен тарих ғылымын бір біріне қарсы қойды, себебі тарих фактілерге сүйенетін ғылым. Ол үшін тарихтың мәні – ол күнделік реалдық өмір, шындық. Сондықтан, тарих жәй әңгіме емес, ол өткенді еске алу, осы құжаттармен дәлелденген шынайы оқиғалар. Тарихшы өткенді зерттеген кезде куәгерлердің хабарламаларын негізге алу керек; егер ол өз заманы туралы жазған болса, онда бір-біріне қарсы партиялардан өзін аулақ ұстағаны дұрыс.

Ұсынылған ресурстардың тізімі:

1. Барг, М. А. Эпохи и идеи : Становление историзма / М. А. Барг. — М., 1987.
2. Барг, М. А. Категории и методы исторической науки / М. А. Барг. — М., 1984.
3. Бессмертный Ю. А. Метод // Человек в мире чувств : Очерки по истории частной жизни в Европе и некоторых странах Азии до начала нового времени / под ред. Ю. Л. Бессмертного. М., 2000. С. 23.
4. Биск, И. История исторической мысли в новое время / И. Биск. — Иваново, 1983.
5. Блок М. Апология истории. М., 1983
6. Бычков, С. П. Введение в отечественную историографию XX в. / С. П. Бычков, В. П. Корзун. — Омск, 2001.
7. Гутнова, Е. В. Историография истории средних веков / Е. В. Гутнова. — М., 1985.
8. Историография истории нового времени стран Европы и Америки / под ред. И. П. Дементьева. — М., 1990.
9. Историография истории нового и новейшего времени стран Европы и Америки / под ред. И. П. Дементьева, А. И. Патрушева. — М., 2000.
10. Историческая наука и историческое сознание / под ред. Б. Г. Могильницкого. — Томск, 2000.
11. Ковальченко, И. Д. Методы исторического исследования / И. Д. Ковальченко. — М., 1987.
12. Коллингвуд, Р. Дж. Идея истории ; Автобиография / Р. Дж. Коллингвуд. — М., 1980.
13. Косминский, Е. А. Историография средних веков : V в. — середина XIX в. / Е. А. Косминский. — М., 1963.
14. Кроче, Б. Теория и история историографии / Б. Кроче. — М., 1998.
15. Lovejoy A. O. The Great Chain of Being : A Study of the History of an Idea. Cambridge (Mass.), 1936.
16. Могильницкий, Б. Г. История исторической мысли XX в. Вып. I—II / Б. Г. Могильницкий. — Томск, 2001—2003.
17. Насонов, А. Н. История русского летописания XI — начала XVIII в. / А. Н. Насонов. — М., 1969.
18. Немировский, А. И. У истоков исторической мысли / А. И. Немировский. — Воронеж, 1979.
19. Портреты историков : Время и судьбы. В 2 т. / под ред. Г. Н. Севостьянова, Л. Т. Мильской. — М., 2000.
20. Про, А. Двенадцать уроков по истории / А. Про. — М., 2000.
21. Румянцева, М. Ф. Теория истории / М. Ф. Румянцева. — М., 2002.
22. Савельева, И. М. История и время : В поисках утраченного / И. М. Савельева, А. В. Полетаев. — М., 1997.
23. Тош, Дж. Стремление к истине : Как овладеть мастерством историка / Дж. Тош. — М., 2000.
24. Шапиро, А. Л. Историография с древнейших времен по XVIII в. / А. Л. Шапиро. — Л., 1982.
25. Хейзинг Й. Homo ludens : В тени завтрашнего дня. М., 1992.
26. Февр Л. Бои за историю. М., 1991.